



**ШЕШІМ**

30.09.2022

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**

№ 249/32-VII

№

город Астана

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
2022 жылғы 30 маусымдағы №207/27-VII  
«Нұр-Сұлтан қаласының жоғары оқу  
орындарында күндізгі оқу ақысын  
толеу үшін азаматтардың жекелеген  
санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау  
жөніндегі комиссиясының құрамы туралы»  
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Астана қаласы әкімінің ұсынысын қарап, «Қазақстан Республикасының елордасы – Нұр-Сұлтан қаласының атауын Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласы деп өзгерту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 17 қыркүйектегі № 1017 Жарлығына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 маусымдағы №207/27-VII «Нұр-Сұлтан қаласының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу ақысын толеу үшін азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссиясының құрамы туралы» (әрі қарай-Шешім) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1) шешімнің атауында және бүкіл мәтін бойынша "Нұр-Сұлтан " деген сөз "Астана" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) шешімге қосымшада:

Астана қаласының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу ақысын төлеу үшін азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) құрамына:

Атымтай  
Бағдат Суханберліұлы

– «Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы» мемлекеттік мекемесінің мектеп және студент жастармен жұмыс бөлімінің басшысы

Ұлықпанов  
Дәурен Мұқанбетсадықұлы

– «АМАНАТ» партиясы Астана қаласы  
«Байқоңыр» аудандық филиалы  
төрағасының бірінші орынбасары  
(келісім бойынша)

енгізілсін;

Комиссия құрамынан А.У. Тастемір, А.С. Шәріпжанова шығарылсын.

Астана қаласы  
мәслихатының хатшысы



Е. Каналимов